



ҒАЛЫМНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы
Аға оқытушы, магистр, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-8844-7629
E-mail: alpakon02092000@mail.ru

Өткен тарихи даму жолында қазақ халқы басынан талай сынақтар мен ауырпалықтарды өткеріп келді. Қалыптасқан сын жағдайлардан халық өзінің табандылығы мен қайсарлығы, қайраты мен жанкештілігінің арқасында ғана шығып отырды.

Осындай зардабы ауыр соғып, орын алған салдары қазақ ұлтының тарихи тағдырына үлкен соққы болып тиген оқиғалардың бірі – кеңестік биліктің солақай саясатынан туындаған ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру еді. XX ғасырдың 30-жылдарында жүргізілген күштеп ұжымдастыру саясаты Қазақстан тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Кеңес билігінің ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру саясаты аясында қазақ ауылдары жаппай ұжымдастыруға ұшырап, дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық жүйесі түбегейлі өзгертілді.

Бұл реформа ауқымды әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дағдарыстарға алып келді. Дәулетті қожалықтар «бай-кулак» ретінде танылып, олардың мал-мүлкі тәркіленді, нәтижесінде мыңдаған қазақ отбасылары ашаршылыққа ұшырады. Көшпелі халық мәжбүрлі түрде жерге орналастырылып, ауыл шаруашылығының ұжымдық құрылымдарына енгізілді. Алайда, бұл үдеріс жоспарсыз әрі күш қолдану арқылы жүргізілгендіктен, көптеген шаруашылықтар құлдырап, азық-түлік тапшылығы күшейді.

1932 – 1933 жылдардағы ашаршылық осы саясаттың ең қайғылы салдарының бірі болды. Миллиондаған қазақтар аштықтан көз жұмды, мыңдаған адам елден кетуге мәжбүр болды. Халықтың қарсылығы көптеген аймақтарда көтерілістерге ұласты, бірақ Кеңес билігі оларды қатаң басып-жаншып отырды. Күштеп ұжымдастырудың нәтижесінде қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы бұзылды, ұлттық шаруашылық жүйесі күйреді, ал оның ұзақ мерзімді салдары елдің экономикалық және мәдени дамуына үлкен ықпал етті. Бұл тарихи кезең Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен олардың халыққа тигізген ауыр зардаптарын айқын көрсетеді.

Кеңес одағы тұсында бұл тақырып объективті түрде зерттелмей, ұжымдастырудың тек «табыстары» ғана дәріптелді. XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан бастап Кеңестік кеңістікте бұрыннан қалыптасып қалған идеологиялық қысымның бәсең тартып, қоғамда демократиялық пен жариялылықтың бой көрсете бастауы Қазақстан тарихының



«ақтандақ» беттерінің қайта қаралуына мүмкіндіктер туғызды. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастырудың қарқыны мен соған ілесе жүріп, қазақ даласын шарпыған ашаршылық құрбандарының санын анықтау үшін арнайы жұмыстар жүргізіліп, ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көре бастайды. М.Қозыбаев, Қ.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілхожин, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков сынды атақты тарихшы-ғалымдар жемісті ізденістер жүргізіп, ғылыми айналымға құнды еңбектерін шығарды.

Көрнекті ғалым, тарихшы, саяси ғылымдар докторы, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Жаулин Киікбай Мыңбайұлының 1997 жылы академик М.Қозыбаевтың ғылыми жетекшілігімен қорғаған «Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын ұжымдастыру және 1932-1933 жылдардағы ашаршылық» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы осы мәселенің Қазақстанның батыс өңірі тарихындағы ақтандақ беттерін ашуға бағытталған еді.

Бұл зерттеуінде ғалым Маңғыстау өңіріндегі адай халқы арасында жүргізілген кеңестік ұжымдастыру саясаты мен дәулетті қожалықтардың мал-мүлкін тәркілеу үдерісінің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын зерделей отыра, ұжымдастыру саясатының нәтижесінде өңірдегі халық санының күрт азаюы, аймақтың демографиялық құрылымының өзгеруі және әлеуметтік дағдарыс секілді факторларды архив деректері негізінде жан-жақты зерттеген.

Зерттеу барысында К.М.Жаулин сол кезеңдегі саяси қыспақтар мен халықтың қарсылығын сипаттай отырып, тарихи деректерге негізделген тың тұжырымдар жасады. Ол кеңестік билік тарапынан «Адайды құтқару» ұйымына қатысты тергеу ісінің болғанын атап өтіп, оның құрылуына байланысты Әланиязов Тобанияз және Омаров Жұмағали сынды тарихи тұлғалардың рөліне назар аударды. Ғылыми жұмыста архив материалдары мен дереккөздер негізінде аталған ұйымның қызметі және кеңестік билікке қарсы халық наразылықтарының себептері мен салдары терең талданды.

Осылайша, 1997 жылы «тарих ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін шебер қорғап шыққан Киікбай Мыңбайұлының зерттеулері Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін терең зерделеуге және ғылыми қауымдастыққа жаңа деректер ұсынуға айырықша үлес қосты.

Одан әрі Киікбай Мыңбайұлының білім беру мен ғылым саласындағы ізденістері мен қарқынды еңбегі өзінің жалғасын таба берді. Киікбай Мыңбайұлы – Қазақстанның гуманитарлық ғылымының дамуына жан-жақты үлес қосқан ғалым. Ғалымның ғылыми қызығушылықтарының аясы да айтарлықтай кең. Соның жарқын дәлелі «Саяси жаңару – Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының кепілі: саяси талдау» тақырыбында ізденістер жүргізіп, саяси ғылымдар докторы, профессор С.Борбасовтың жетекшілігімен докторлық диссертациясын қорғауы болды. Сол кездері аталмыш тақырып аясында зерттеу жүргізу өзекті мәселе болды. Бұл кезеңде саяси жаңғыру мемлекеттің тиімді басқару жүйесін қалыптастырудың,



азаматтық қоғамды нығайтудың және халықаралық тәжірибені интеграциялаудың басты шарттарының бірі ретінде қарастырылды. Тиянақты ғылыми тұжырымдар мен қажырлы еңбектің нәтижесінде 2009 жылдың сәуір айында Киікбай Мыңбайұлына «саяси ғылымдар доктора» ғылыми дәрежесі беріліп, ол Қазақстанның батыс өңірі бойынша саяси ғылымдар саласында докторлық диссертация қорғаған алғашқы ғалымдардың легінен көрінді.

Бүгінгі таңда ғылым мен білімнің, саяси-қоғамдық өмірдің, ұстаздық пен басшылық қызметтің барлығын ұштастырып, халық пен мемлекеттің тарапынан абыройлы атақтарды иемденіп отырған Киікбай Мыңбайұлының «сан қырлы тұлға» ретінде қалыптасуына өскен ортасы мен студенттік шағының да үлкен ықпалы болғаны сөзсіз.

6 ұл, 1 қызды өмірге әкеліп, 7 ұрпағының да ел қатарынан қалмауы мен өсіп-өнуі, тәлімді тәрбиесі жолында жанын салған ұлағатты әке мен аяулы ананың отбасында 1965 жылдың 14-сәуірінде өмірге келіп, бар құндылықтармен сусындап өскен Киікбай ағайдың ғылыми негіздерінің бастауы – талай саңлақтарды қанат қақтырған, сан жылдарды қамтитын тарихы бар, білім мен ғылымның еңселі ордасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен тығыз байланысты. 1983 – 1990 жылдары сол кездегі Гурьев педагогикалық институтында тарих мамандығы бойынша жоғары білім мен ғылымның негіздерін терең меңгеріп, ол еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында аталмыш оқу орнын үздік дипломмен бітірген шәкірттерінің қатарын көбейтті. Одан әрі білімді әрі білікті мамандар қатарын толықтырды. Студенттік жылдары Киікбай Мыңбайұлына тағылымды білім мен өнеге берген ардақты ұстаздары – бұл күндері бақилық болған Жиенбай ағай, Күләш апай, Ибат ағай және басқа да ұстаздарының тәлімі оның алғашқы еңбек жолын өзі білім алған қасиетті шаңырақтан бастауына мүмкіндік берді. Осылайша, қазақ халқының өткенін терең зерттеуге белсене кіріскен, бүкіл еңбегі мен ғұмырын отандық тарих ғылымына арнап, оның дамуына айтарлықтай үлес қосқан сол кезеңдегі жас ғалымның тынымсыз ғылыми ізденістері бастау алды. Бұл бастау бүгінде үлкен нәтижелер беріп, әлі де үзіліссіз жалғасып келе жатыр. Ол өзінің саналы ғұмырында көптеген ғалым-шәкірттерді тәрбиелеп, ғылым мен педагог-ұстаз еңбегін шебер ұштастыра білді. Киікбай Мыңбайұлының қаламынан туған 200-ден астам ғылыми жарияланымдары мен зерттеулері, монографиялары, т.б. еңбектері болашақ ізденістер мен зерттеулер үшін маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Санаулы күндерден кейін, дәлірек айтқанда, 2025 жылдың 14-сәуірі күні асқаралы 60-қа қадам басқалы отырған ғалымның өмір жолы тағылым мен мағыналы ғибратқа толы. Киікбай Мыңбайұлы атасы Жаулыдан тараған әулеттің өкілдері – әкесі Мыңбайды, апалары Жаңғанша мен Қапизаны, сондай-ақ Жүзбай ағасын әрдайым мақтанышпен еске алып, олардың тағылымды өмір жолын ұрпаққа үлгі етуді және ұрпақтар сабақтастығының үзілмеуін қадағалап отыруды маңызды міндеті деп санайды. Отбасында ер баланың кенжесі болғанына қарамастан, әке аманатына адал болып, қазақтың «ат жалын тартып



мінген», - деп сипаттайтын шағынан бастап, жалғыз қарындасы Алтынгүл мен жиендеріне, ағаларының да балаларына қолынан келген қамқорлығын жасаудан аянбағанын және есінен шығармағанын әңгімелеп отырады. Мұндай әңгімелер арқылы оның айналасындағы адамдарды отбасылық құндылықтарды сақтауға баулып, адами қасиеттерді берік сақтауға тәрбиелейтінін аңғаруға болады.

Бүгінде Киікбай Мыңбайұлы – тек ғалым ғана емес, сонымен қатар ел болашағы үшін еңбек етіп, еңбекқорлығы мен қоғамдық белсенділігі арқылы ерекшеленетін, нағыз азаматтық қасиеттерге ие, халқына пайдасын тигізіп жүрген көрнекті азамат ретінде де танымал. Сонысымен де, оның өмір жолы – ұрпаққа өнеге, елге үлгі.

2021 жылдан бері Киікбай Мыңбайұлы Маңғыстау өлкесіндегі білімнің көк ордасы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Тарих» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келе жатыр. Сонымен қатар, оқытушылық қызметпен де айналысып, өңір мен мемлекеттің өркендеуіне қажет мамандарды даярлау ісіне өз үлесін қосуда.

Құрметті ұстазым Киікбай Мыңбайұлы!

Сізді 60 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – өміріңіздің кемелденген, даналық пен парасатқа толы кезеңі. Ғылым мен білім саласына қосқан өлшеусіз үлесіңіз, өскелең ұрпаққа берген тағылымды тәрбиеніз – Сіздің есіміңізді құрметпен айтуға лайық.

Сіз – өз ісіне шын берілген ғалым, қоғам қайраткері әрі білікті ұстаз ретінде Қазақстанның білім мен ғылым кеңістігінде ерекше орын алатын тұлғасыз. Көп жылғы еңбегіңіздің нәтижесінде талай шәкірт тәрбиелеп, ұлттық тарихымыздың, саяси ғылымның дамына зор үлес қостыңыз. Сіздің осы жолдағы ғылыми ізденістеріңіз бен зерттеулеріңіз – болашақ ұрпаққа баға жетпес мұра.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт және ғылыми ізденістерде жаңа жетістіктер тілейміз! Шәкірттеріңіз бен әріптестеріңіздің құрметіне бөленіп, еңбегіңіздің жемісін көруге жазсын!